

**«Өрт сөндіру тактикасы» пәні бойынша  
Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған  
тест спецификациясы**

**1. Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуге арналған тест тапсырмаларын әзірлеу үшін құрастырылған.

**2. Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.

**3. Мазмұны:** 10320100 «Өрт қауіпсіздігі» мамандығы, 3W10320101- «Өрт сөндіруші», 3W10320102- «Тыныс алу органдарын қорғау аппараттарын реттеуші», 4S10320103 -«Өрт қауіпсіздігі технигі» біліктіліктеріне арналған «Өрт сөндіру тактикасы» пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырыбы	№	Тақырыпша
1	Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінде қызметті ұйымдастыру	1	Мемлекеттік өртке қарсы қызмет және оны дамыту. Өрт сөндіру бөлімдерінде қарауылдық қызметті ұйымдастыру. Өрт сөндіру бөлімдеріндегі қарауылдарды ауыстыру тәртібі. Гарнизондық өртке қарсы қызметті ұйымдастыру. Өртке қарсы қызмет гарнизонының лауазымды адамдары
2	Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жеке құрамын даярлауды ұйымдастыру	2	Өрт сөндіру бөлімдерінің жеке құрамын бастапқы даярлау. Қызметкерлерді кәсіптік даярлау мектептерінде оқыту, тағылымдама
		3	МӨҚ бөлімшелері жеке құрамының тактикалық-арнайы дайындығы
3	Өрттерді және ТЖ оқшаулау, жою теориялық негіздері	4	Өртке қарсы қызмет органдарының күштері мен құралдары (МӨҚҚО).
		5	Бөлімшелерді негізгі және арнайы өртсөндіру машиналарындағы тактикалық мүмкіндіктері
4	Қалалар мен ауылдық елді мекендерде өрттерді сөндіруді және ТЖ жоюды ұйымдастыру	6	Қалаларда өрт сөндіруді және ТЖ жоюды ұйымдастыру.
		7	Өртке қарсы қызметтің жедел құжаттары.
5	МӨҚҚО бөлімшелерінің іс-әрекеттері	8	Өртті барлау. Өрттерде адамдарды құтқару.
		9	Күштер мен құралдарды орналастыру. Өртті сөндіру.

Мәтінмәндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистика, сурет және т.б.).

**4. Тапсырмалар мазмұнының сипаттамасы:**

**Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінде қызметті ұйымдастыру:** Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінде қарауылдық қызметті ұйымдастыру. Өрт сөндіру бөлімдеріндегі қарауылдарды ауыстыру тәртібі. Гарнизондық өртке қарсы қызметті ұйымдастыру. Өртке қарсы қызмет гарнизонының лауазымды адамдары. Ғимараттардың жертелелерінде, қабаттарында және шатырларында өрттерді сөндіру. Жоғары қабатты ғимараттарда өрттерді сөндіру. Адамдарды құтқару. Емдеу мекемелеріндегі өрттерді сөндіру. Кітапханаларда, мұражайларда және көрмелерде өрттерді сөндіру.

**Мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жеке құрамын даярлауды ұйымдастыру:** Өрт сөндіру бөлімдерінің жеке құрамын бастапқы даярлау. Қызметкерлерді кәсіптік даярлау мектептерінде оқыту, тағылымдама. Жедел өрт жағдайы. Қалалар мен ауылдық елді мекендерде өртке қарсы ұйымдастыру тәртібін айқындайтын нормативтік актілердің талаптары. Ұйымдарда және объектілерде өртке қарсы қызметті ұйымдастыру.

**Өрттерді және ТЖ оқшаулау, жою теориялық негіздері:** Дүрбелеңнің алдыналу жолдары, адамдарды табу ерекшеліктері және оларды құтқару дәйектілігі. Қауіпсіздік техникасы. Күштер мен құралдарды орналастыру. Өртті сөндіру.

Арнайы, авариялық-құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды орындау. Арнайы, авариялық-құтқару және басқа да кезек күттірмейтін жұмыстарды орындау. **Қалалар мен ауылдық елді мекендерде өрттерді сөндіруді және ТЖ жоюды ұйымдастыру** Өртке қарсы қызмет күштері мен құралдары. Негізгі және арнайы өрт сөндіру машиналарында бөлімшенің тактикалық мүмкіндіктері. Қалалар мен ауылдық елді мекендерде өрттерді сөндіруді және ТЖ жоюды ұйымдастыру.

**МӨҚҚО бөлімшелерінің іс-әрекеттері**

Өрттегі жедел штаб. Өрттегі учаскелер. Өртте Тыл. Адамдарды құтқару және эвакуациялау бойынша жеке құрамның іс-қимылы.

**5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы:** тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

**Базалық деңгейдегі** тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

**Орташа деңгейдегі** тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

**Жоғары деңгейдегі** тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

**6. Тест тапсырмаларының формалары:** Бір дұрыс жауапты және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

**7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты:**

Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

**8. Бағалау:**

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін – 2 балл, жіберілген бір қате үшін – 1 балл, екі және одан көп қате жауап үшін – 0 балл беріледі.

**9. Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Азаматтық қорғау туралы, Қазақстан Республикасының 11.04.2014 ж. № 188-V Заңы.
2. Өрт сөндіруді ұйымдастыру ережелері. ҚР ПМ 26.06.2017 ж. № 446 бұйрығы
3. Өртке қарсы қызмет жарғысы. ҚР ПМ 26.06.2017 ж. № 445 бұйрығы
4. Өрт сөндіру басшысының анықтамасы. ҚР ТЖМ ПОҚ комитеті, Астана 2012
5. Ғимараттар мен құрылыстардың өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы қағидаттары: Оқу құралы / 2019.–С.Д. Шарипханов, Ю.В. Румянцев, Ж.К. Макишев, Д.Т. Нур-Султан: «Кәсіпқор» Коммерциялық емес акционерлік қоғам, 2019 ж.